

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде 1-11 сынып ата-аналарымен өткізілген жиіналысының хаттамасы

Астана қаласы

05.09.2025 ж.

Қатысқаны – 144

Күн тәртібі:

1. Өткен 2024-2025 оқу жылының есебі мен жаңа оқу жылының міндеттері
Мектеп директоры Н.Қияқбай
ДОІЖО Ж.Мукатова
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (мерекелерге орай мектепке, мұғалімдерге сыйлық алу үшін немесе басқа да қажеттіліктер үшін ата-аналардан қаражат жинауды болдырмау);
Мектеп директоры Н.Қияқбай
3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету (жолда жүру, өрт, су қауіпсіздігі, интернет алаяқтық, кибербуллинг, лудомания т.б.);
ДТІЖО А.Ниязбеков
4. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ата-ананың міндеттері
Ата-ана Н.Сәмек
5. Әр түрлі мәселелер;
Мектеп директоры Н.Қияқбай

1.Тыңдалды. Мектеп директоры Н.Қияқбай:

«2024-2025 оқу жылында мектепте 1762 оқушы, оның 819-ы ұл, 943-і қыз бала оқуды бастады. Оқу жылы барысында 116 оқушы келіп, 120 оқушы кеткені себепті оқу жылы 1758 оқушымен аяқталды.

Оқу жылының жетістігіне тоқталсақ, үздіктер – 384, орташа – 562, қанағаттанарлық – 812. Оның ішінде:

9 - сыныпты 179 оқушы аяқтады. Бітіруші – 10 оқушыға Негізгі орта білім туралы Үздік аттестат берілді

11 – сыныпты 123 оқушы аяқтады. 5 оқушыға Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестат, 3 оқушыға Жалпы орта туралы Үздік аттестат берілді.

Электронды күнделік журналына мұғалімдер формативті бағалау жүйесі бойынша 1 мен 10 балл аралығында бағаланды. Мектепте оқу жылы барысында 17 пән апталықтары жоспарға сай өткізілді Пән апталықтарына пән мұғалімдері мен оқушылар белсене қатысты. Апталықтың қорытындысы бойынша белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды. Пән мұғалімдердің ашық сабақтары фото суреттер мектептің веб сайты және әлеуметтік желі facebook.com желілеріне жарияланып отырды.

Формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша әр тоқсан сайын (білім алушылардың оқу жетістігі) баллдар электрондық журналға, тексеріліп нәтижесінде бағалары уақытылы қойылды.

25 мамыр күні 1-8 және 10 сыныптар келесі оқу жылына мектеп директорының бұйрығымен келесі сыныпқа көшірілді. Үздік баға алған оқушылар мектеп директорының бұйрығына сйкес дипломдар және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Биылғы оқу жылында 1-11- сыныптарда титул бойынша 1600 оқушы білім алуда. Алдағы оқу жылында өткен жылғыдан биік меже қойып отырмыз. Оқушылардың пән олимпиадасында, ҰБТ сынағы мен басқа да аудан, облыс көлеміндегі байқау, сайыстарында жүлделі орын алулары үшін еңбек етеміз. Ол үшін ата-аналар тарапынан да үйде балаларды қадағалау, олардың оқуға қажетті құрал-жабдықтарын түгел етіп, оқуға жағдай жасаулары қажеттілігін ескертеміз.

Биылғы оқу жылының тағы бір жаңалығы – білім мекемесінде 1-сыныптан бастап Сингапур сыныптарының ашылуы. Ол үшін Қазақстанда мектепте ақылы үйірме ашу үшін белгілі бір заңдылықтар мен нормативтік-құқықтық актілер белгіленген. Бұл үрдіс бірнеше негізгі талаптарды қамтиды. Ақылы үйірмелерді ұйымдастыру ҚР «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бап: Қосымша білім беру, 47-бап: Білім беру ұйымдарының қызметі, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң және ақылы қызмет көрсету, келісімшарт жасау мәселелерін реттейтін ҚР Азаматтық кодексі талаптары бойынша жүргізіледі. Білім беру мекемесінің жарғысында ақылы қызмет түрлерін көрсетуге рұқсат қарастырылған. Қазірше, 2 сынып ашылып отыр, бірақ көптеген ата-аналардың сұранысы бойынша үшінші сыныпты ашу жұмыстары жүргізіліп отыр.

Сингапур білім беру жүйесі – әлемдегі ең үздіктердің бірі ретінде танымал. Бұл жүйенің негізінде терең ойлауға, логикаға, проблемаларды шешу қабілетіне және оқушының белсенділігіне басымдық беретін оқу бағдарламасы жатыр. Сингапур сыныптарындағы сабақтардың өзіндік ерекшеліктері мен бағдарламасы басқа елдердің оқу жүйелерінен біршама ерекшеленеді. Сабақтарда ағылшын тілі мен математика пәндері сингапурлық жүйе бойынша тереңдетіліп өткізіледі. Сонымен қатар шахмат, кратэ, қолөнер мен бейнелеу өнері сияқты бірнеше үйірмелер қарастырылған.»

2.Тыңдалды. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры Н.Қияқбай сөз сөйледі:

«Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты жүйелі және кешенді түрде Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия) іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды теңгерімі бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік

жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде тартылуда. Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды. Агенттік мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізушісі бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін ұштастырады.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа күрес жылдан-жылға жетілдіріле түсуде. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, қолданысқа енгізілген стратегиялық құжаттың негізгі бағыттарында сыбайлас жемқорлықпен күресуге арналған ауқымды шаралар қарастырылған. Концепциядағы басты жаңалықтардың бірі – мемлекеттік қызметкерлерге ерекше жауапкершілік енгізу, шетелдегі активтерді қайтару, заңды тұлғалардың жемқорлық үшін жауапкершілігін арттыру және «Integrity check» адалдыққа тексеруді енгізу болып саналады.

Осы заңды құжаттарға сүйеніп, мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмыстар жолға қойылған. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары бойынша комиссия түзіліп, барлық қызметкерлерге тиізсті талаптарды түсіндіру, сыбайлас жемқорлық бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізіліп отыр. Сондай-ақ, заң талаптары ата-аналарға да ескертіліп, түрлі мереке, іс-шаралар аясында мектеп немесе ұстаздарға ата-ана тарапынан сыйлықтар алу, қаржылай ақшалар ұсынуға тыйым салынады.»

3. Тыңдалды. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ниязбеков:

«Білім мекемесіндегі 2024-2025 оқу жылындағы оқушылармен жүргізілген тәрбие жұмыстарының мақсаттары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, оқушылардың жеке басының өзін-өзі анықтауы, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау бағытында болды.

Жаңа оқу жылында тәрбие жұмыстарын жүргізу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім мекемесі мен ата-аналар арасында «Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты» түзілді. Білім беру мекемелерінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – оқу процесінің негізгі міндеттерінің бірі. Қазіргі заманның қарқынды дамуына байланысты балалардың өміріне төнетін қауіп түрлері де көбейіп отыр. Бұл тек физикалық қауіпсіздікпен шектелмей, интернет желісіндегі алаяқтық, кибербуллинг, лудомания сияқты цифрлық қауіптермен де күресуді талап етеді. Осы орайда, оқушылардың жолда жүру, өрт, су қауіпсіздігі, интернеттегі тәртіп ережелері және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – білім беру ұйымдарының басты назарында болуы тиіс.

Оқушылардың жолда жүру ережелерін білуі және оны күнделікті өмірде қолдануы – олардың өмірін сақтаудың кепілі. Осы бағытта жүргізілетін шаралар:

- Бастауыш сынып оқушыларына жол қозғалысы ережелерін үйрету (арнайы сабақтар, сынып сағаттары);
- Жол полициясымен бірлесе отырып, семинарлар мен тренингтер өткізу;
- Мектеп жанындағы жол белгілерін орнату және жол өтпелерін бақылау;
- Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық беру.

Өрт қауіпсіздігі – білім ордалары үшін маңызды мәселелердің бірі. Бұл бағытта:

- Өрт қауіпсіздігі ережелерін оқушыларға түсіндіру;
- Өрт сөндіру құралдарының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Мектеп ішінде эвакуациялық жоспарлардың болуы және жыл сайын эвакуациялық жаттығулар өткізу;
- Қызметкерлер мен оқушыларға өрт кезіндегі әрекеттер туралы нұсқаулық жүргізу.

Су айдындарында болатын жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін:

- Оқушыларға судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру (жүзу білмейтіндерге тыйым, рұқсат етілмеген жерлерде шомылмау);
- Жазғы демалыс алдында ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Жүзу сабағы кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау.

Интернет кеңістігі оқушылар үшін білім мен ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар түрлі қауіптің де көзі болып отыр. Интернеттегі алаяқтар мен кибербуллинг құрбаны болмау үшін:

- Оқушыларға интернет қауіпсіздігі негіздерін үйрету (жеке мәліметтерді жарияламау, белгісіз сілтемелерге өтпеу);
- Кибербуллингтің алдын алу бойынша тренингтер өткізу;
- Мектеп психологының қолдауын ұйымдастыру;
- Ата-аналармен біріге отырып, балалардың желідегі әрекеттерін бақылау.

Лудомания – балалар мен жасөспірімдер арасында белең алып келе жатқан әлеуметтік проблема. Бұл құбылыстың алдын алу үшін:

- Құмар ойындардың зияны туралы түсіндіру жұмыстары;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру (спорт, үйірмелер);
- Ата-аналармен бірге бала тәрбиесінде бірізділік қалыптастыру;
- Психологтың жүйелі жұмыс істеуі.

Жарыссөз. Мектеп директоры Н.Қияқбай:

Оқушылардың қауіпсіздігі бойынша дұрыс тамақтанудың да маңызы үлкен. Осы орайда мектепте дұрыс тамақтану мен тамақтану сапасын тексеру бракераждық комиссия тарапынан тексеруі айына 2 рет жүргізіліп, 2025-2026 оқу жылына ата-аналар арасынан комиссия мүшелігіне тағайындауға ұсыныс беріледі. Комиссия құрамына ену бойынша директор атына өтініш жазып келсеңіздер болады.

4.Тыңдалды: мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Н.Сәмек:

Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ата-ананың жауапкершілігіне жүктелген міндеттер болады. Ең бастысы балаларымыздың өмірі мен қауіпсіздігі десек, осы мақсатта мектеп пен ата-ана арасында тығыз байланыс орнатып, бірге жұмыс жасауымыз керек.

Білім беру ұйымының ата-анасы немесе заңды өкілідері құқылы:

1) баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша білім беру ұйымымен өзара қарым-қатынас жасауға;

2) Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасында көзделген оқыту-тәрбиелеу үдерісін іске асыруға қатысуға;

3) ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, ата-аналар жиналыстарының шешімін орындауға;

4) ата-аналар комитеті арқылы білім ұйымының басқармасы органдарының жұмысына қатысуға;

5) өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайына қатысты ақпаратты алуға;

6) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультативтік көмек алуға;

7) қосымша (ақылы және / немесе тегін) қызметтерді алуға (үйірмелер, спорт клубтары) құқылы.

Ата-ана немесе заңды өкілі міндетті:

1) білім беру ұйымының Жарғысын және екіжақты шарттың ережесін сақтауға;

2) ата-аналар жиналысына баруға, қажет болған жағдайда оқу-тәрбие үдерісі және нақты педагогикалық көмек көрсету бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу үшін әкімшіліктің немесе педагогтердің шақыруы бойынша білім беру ұйымына баруға;

3) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушыларына құрмет көрсетуге;

4) Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

5) сабақтарда баланың болмау себебі туралы білім беру ұйымын хабардар етуге;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес білім беру ұйымына оқушының кінәсінен келтірілген материалдық залалды өтеуге;

7) мектеп аумағынан тыс (мектепке дейін және мектептен кейін) білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік алуға, құқығы мен еркіндігін қорғауға;

8) педагогтермен білім алушыны тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша байланыста болуға, кері байланысты жүзеге асыруға;

9) баланы, оның қызығушылықтарын ескере келе әдептілікке, төзімділікке, академиялық адалдыққа және ұлтаралық келісімге, кибермәдениетке және кибергигиенаға тәрбиелеуге;

10) баланың қажеттіліктерін ескере отырып мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға.

5. Тыңдалды. Мектеп директоры Н.Қияқбай ата-аналардан келген сұрақтарға келесідей жауап берді:

1-сұрақ: Лицей сыныптарға қабылдау қалай өтті деген сұраққа түсіндіру жүргізді.

2-сұрақ: Мектептегі дәретханалардың жағдайы деген сұраққа мектеп өз қаражат есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар екенін ескертті.

3-сұрақ: Оқушыларды мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беретін қандай іс-шаралар кешені бар деген сұраққа арнайы штат ашылғанын хабарлады.

Жиналысты мектеп директоры Н.Б.Қияқбай жүргізіп отырды. Ол күн тәртібінде айтылған мәселелердің әрбірінің өзектілігіне тоқталып, өз ойларын ортаға сала келе, қатысушылардың пікір-ұсыныстарын ескеріп, жиналысты қорытындылады.

Қаулы:

1. Мектеп ұжымының 2024-2025 оқу жылында оқу және тәрбие ісі бойынша атқарған жұмыстары «қанағаттанарлық» деп танылсын;
2. Білім мекемесінде жаңа 2025-2026 оқу жылына жоспарланған оқу және тәрбие жұмыстары өз дәрежесінде орындалсын;
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша тиісті жұмыстар атқарылып, ата-аналар тарапынан мұғалімдерге сый-сияпат жасауға тыйым салынсын;
4. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары өз деңгейінде атқарылсын. Балалардың өмір қауіпсіздігі мектеп және ата-аналар тарапынан ерекше назарға алынсын.
5. Асхана жұмысын қадағалау бойынша бракераждық комиссия мүшелігіне өз өтініштері бойынша ата-аналар қабылдансын;
6. Мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс күшейтіліп, балалардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына барынша қолайлы жағдай жасауға бірлесе күш жұмылдырылсын;

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Н.Қияқбай

А.Ниязбеков